

## **2019 жылдың қаңтар айындағы прокуратура органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыстың жай-күйі туралы**

2019 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы прокуратура органдарына 19 290 жеке және заңды тұлғадан өтініш келіп түсті.

Келіп түскен өтініштердің жалпы санының 13 338-і немесе 69%-і қаралды, оның 6 976-сы шешімін тапты немесе қаралған өтініштердің жалпы санының 52%-ін құрады.

Шешімін тапқан өтініштердің жалпы санының 1 631-і немесе 23%-і қанағаттандырылды, 1 232 өтініш немесе 18%-і қанағаттандырусыз қалдырылды, 4 113 өтінішке немесе 59%-і бойынша түсіндірмелер берілді.

Прокуратура органдары өтініштерді қарау нәтижелері бойынша 15 прокурорлық қадағалау актісін енгізді, тәртіптік жауаптылыққа 4 лауазымды тұлға тартылды.

Прокуратура органдарының қызметкерлері жеке қабылдауға 4 768, олардың ішінде тікелей басшылар 2 161 азамат пен заңды тұлға өкілін қабылдады.

Бас прокуратураның Call-орталығына тегін 115 нөмірі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өкілдерінен 9 мыңнан астам қоңырау келіп түсті.

Call-орталықтың құзырына кіретін мәселелер бойынша 11 өтініш тіркелді.

2019 жылдың қаңтар айында прокуратура органдарына «Электронды үкімет» порталы арқылы 3 987 электронды өтініш келіп түсті.

**Қайнар:** <http://blog.astana.prokuror.kz/kaz/halykka-kyzmet/kogamdyk-kabyldau/azamattardyn-otinishteri/2019-zhyldyn-kantar-ayyndagy-prokuratura>